

**«ҰЛТ МЕРЕЙІ – ШЫНШЫЛ СӨЗ»
ғылыми-танымдық форумын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Ұлт мерейі – шыншыл сөз» ғылыми -танымдық форумын (бұдан әрі – Форум) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оған қатысу шарттарын, баяндамаларға қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтау және сыйақы тағайындау тәртібін айқындайды.

1.2. Форум Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қоғам мен мемлекеттің дамуына қатысты әр жылдары айтқан ой-пікірлері, тұжырымдары мен ұстанымдары топтастырылған «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» жинағының негізгі мазмұны мен идеяларын ғылыми, қоғамдық және танымдық тұрғыдан зерделеуге арналған.

1.3. Форумды ұйымдастырушы – Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет (Tashenev University).

1.4. Форумның мақсаты – Мемлекет басшысының ел дамуына қатысты стратегиялық ой-тұжырымдарын жан-жақты талқылау, Әділетті Қазақстан құрудың құндылықтық және институционалдық негіздерін ғылыми тұрғыдан пайымдау, қоғамның әртүрлі өкілдері арасында ашық әрі мазмұнды пікір алмасу алаңын қалыптастыру.

1.5. Форумның негізгі міндеттері:

- «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» жинағында көтерілген негізгі мәселелерді ғылыми және қоғамдық тұрғыдан талдау;
- Мемлекет басшысының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани даму мәселелеріне қатысты тұжырымдарын зерделеу;
- заң үстемдігі, азаматтық жауапкершілік, білім мен ғылым, цифрландыру, жасанды интеллект, жастар саясаты және ұлттық құндылықтар мәселелері бойынша жаңа көзқарастарды ортаға салу;
- Қазақстанның қазіргі даму бағыты мен болашақ басымдықтары жөнінде мазмұнды пікір алмасу;
- ғылыми және қоғамдық ойдың сабақтастығын қамтамасыз ету;
- талантты зерттеушілерді, сарапшыларды, жас ғалымдарды және белсенді азаматтарды анықтау және ынталандыру.

2. ФОРУМНЫҢ ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ

2.1. Форум 2026 жылғы 23 қазанда Шымкент қаласында өткізіледі.

2.2. Өтетін орны – Шымкент қаласы, «Достық үйі», Желтоқсан көшесі, 9/4.

2.3. Форумның нақты басталу уақыты, қатысушыларды тіркеу тәртібі және бағдарламасы ұйымдастыру комитеті тарапынан қосымша хабарланады.

3. ФОРУМНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Форум аясында 12 тақырыптық бағыт бойынша баяндамалар сарапқа салынады:

1. Ұлт сапасы – ұлт санасы
2. Тәуелсіздік
3. Конституция
4. Әділетті Қазақстан
5. Заң мен тәртіп
6. Ынтымақ пен бірлік
7. Цифрландыру және жасанды интеллект
8. Білім мен ғылым
9. Руханият
10. Жастар
11. Алдағы даму
12. Тарихи тұлғалар

4. ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Форумға Қазақстан Республикасының азаматтары жасына, мамандығына, кәсібіне, ғылыми дәрежесіне, жұмыс немесе оқу орнына қарамастан қатыса алады.

4.2. Форумға ғалымдар, оқытушылар, зерттеушілер, докторанттар, магистранттар, студенттер, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар, журналистер, мұғалімдер, кәсіпкерлер және басқа да азаматтар қатыса алады.

4.3. Конкурстық қатысу жеке тәртіпте жүзеге асырылады. Бір баяндама бір автор атынан ұсынылады.

4.4. Бір қатысушы конкурсқа бір тақырыптық бағыт бойынша бір ғана баяндама ұсына алады.

4.5. Баяндама қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

4.6. Қатысушылар үшін жас ерекшелігіне байланысты шектеу белгіленбейді.

5. БАЯНДАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Баяндама «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» жинағының мазмұнымен және қатысушы таңдаған тақырыптық бағытпен тікелей байланысты болуы тиіс.

5.2. Баяндама жинақтағы ой-тұжырымдарды қайталаумен шектелмей, авторлық талдауды, дәлелді пайымды, нақты мысалдарды, қорытындылар мен ұсыныстарды қамтуы тиіс.

5.3. Форумдағы ауызша баяндаманың ұзақтығы – 7 минутқа дейін.

5.4. Ұйымдастыру комитетіне алдын ала ұсынылатын баяндаманың тірек мәтініне мынадай талаптар қойылады:

- көлемі – 5 бетке дейін;
- формат – А4;
- қаріп – Times New Roman;
- қаріп өлшемі – 14 pt;

- жоларалық интервал – 1,0;
- мәтін ені бойынша тураланады;
- жиектері – барлық жағынан 2 см;
- файл форматы – DOC немесе DOCX.

5.5. Баяндаманың бірінші бетінде автордың аты-жөні, тұрғылықты жері, жұмыс немесе оқу орны (болған жағдайда), қызметі немесе мәртебесі, байланыс телефоны, электрондық поштасы және таңдаған тақырыптық бағыты көрсетіледі.

5.6. Пайдаланылған дереккөздер мен дәйексөздерге тиісті сілтеме берілуі тиіс.

5.7. Плагиатқа, өзге авторлардың материалдарын дереккөзін көрсетпей пайдалануға, жалған немесе тексерілмеген деректерді қолдануға жол берілмейді.

6. ӨТІНІМДЕР МЕН БАЯНДАМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Форумға қатысуға ниет білдірген азаматтар 2026 жылғы 19 қазанға дейін ұйымдастыру комитетіне электрондық түрде өтінім мен баяндаманың тірек мәтінін ұсынуы тиіс.

6.2. Материалдар мына электрондық поштаға жолданады forum_2026@bk.ru

6.3. Электрондық хаттың тақырыбында:

«Ұлт мерейі – шыншыл сөз» форумы –[аты-жөні] – [бағыт атауы] деп көрсетіледі.

6.4. Белгіленген мерзімнен кейін келіп түскен немесе осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін материалдар конкурсқа жіберілмеуі мүмкін.

6.5. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдардың Ереже талаптарына сәйкестігіне алдын ала іріктеу жүргізеді.

6.6. Алдын ала іріктеуден өткен қатысушыларға Форумда баяндама жасауға жіберілгені туралы ақпарат жолданады.

7. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1. Форум барысында ұсынылған баяндамаларды арнайы бағалау комиссиясы бағалайды.

7.2. Бағалау әділдік, объективтілік, тең мүмкіндік, академиялық адалдық және ашықтық қағидаттарына негізделеді.

7.3. Әрбір баяндама 100 балдық жүйе бойынша бағаланады:

- тақырыптың ашылуы және жинақ мазмұнымен байланысы – 20 балл;
- талдаудың тереңдігі, дәлелділігі және авторлық пайым – 20 балл;
- идеяның өзектілігі, жаңашылдығы және қоғамдық маңызы – 15 балл;
- нақты ұсыныстар мен қорытындылардың сапасы – 15 балл;
- деректерді, мысалдарды және ғылыми немесе ресми дереккөздерді орынды пайдалану – 10 балл;
- баяндаманың логикалық құрылымы және тілдік сауаттылығы – 10 балл;

– сөйлеу мәдениеті, аудиториямен байланыс және белгіленген регламентті сақтау – 10 балл.

Жалпы – 100 балл.

7.4. Комиссияның әрбір мүшесі қатысушыларды жеке бағалайды. Қорытынды нәтиже комиссия мүшелері қойған балдардың орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша айқындалады.

7.5. Қорытынды балдар тең болған жағдайда басымдық:

1.Талдаудың тереңдігі және авторлық пайым бойынша жоғары балл алған қатысушыға;

2. Одан кейін нақты ұсыныстар мен қорытындылардың сапасы бойынша жоғары балл алған қатысушыға;

3. Көрсеткіштер қайтадан тең болған жағдайда комиссия мүшелерінің дауыс беру қорытындысы бойынша беріледі.

7.6.Комиссия мүшесінің қатысушымен тікелей туыстық, қызметтік бағыныштылық немесе өзге де мүдделер қақтығысы болған жағдайда ол тиісті қатысушының баяндамасын бағалауға қатыспайды.

7.7.Комиссияның қорытынды шешімі хаттамамен рәсімделеді.

8. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

8.1.Форумның әрбір 12 тақырыптық бағыты бойынша ең жоғары қорытынды балл жинаған бір үздік баяндама авторы жеңімпаз болып танылады.

8.2. Осылайша, Форум қорытындысы бойынша негізгі 12 жеңімпаз анықталады.

8.3. Бағалау нәтижелері бағалау комиссиясының қорытынды хаттамасымен бекітіледі.

8.4. Жеңімпаздарды марапаттау Форумның қорытынды бөлімінде өткізіледі.

9. СЫЙАҚЫ ҚОРЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

9.1. Форумға қатысушыларды ынталандыру және үздік ғылыми-танымдық баяндамаларды қолдау мақсатында сыйақы қоры қалыптастырылады.

9.2. Форумның 12 тақырыптан үздік баяндама авторлары 100 000 теңге сыйақымен марапатталады.

9.3.Жеңімпаздарға Форумның салтанатты қорытындысы барысында оның жеңімпаз мәртебесін және тағайындалған 100 000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыны растайтын арнайы сертификат табысталады.

9.4. Сертификатта көрсетілген ақшалай қаражат Форум аяқталғаннан кейін жеңімпаз ұсынған жеке банктік шотқа қолданыстағы заңнама мен ұйымдастырушының қаржылық рәсімдеріне сәйкес аударылады.

9.5. Ақшалай сыйақы қолма-қол түрде берілмейді.

9.6. Негізгі сыйақылардан бөлек, Форум аясында ынталандыру сыйақылары тағайындалады.

9.7. Ынталандыру сыйақысы негізгі жеңімпаз атанбағанымен, бағалау комиссиясының шешімі бойынша жоғары мазмұндық деңгейімен, ерекше авторлық көзқарасымен, тың ұсыныстарымен немесе баяндаманы ұсыну шеберлігімен ерекшеленген қатысушыларға беріледі.

9.8. Бір ынталандыру сыйақысының мөлшері 50 000 мың теңгеге дейін белгіленеді.

9.9. Ынталандыру сыйақысын алушылардың саны мен әрбір сыйақының нақты мөлшері бағалау комиссиясының ұсынымы негізінде ұйымдастыру комитетінің шешімімен айқындалады.

9.10. Ынталандыру сыйақысы да тиісті сертификатпен расталады және қатысушының жеке банктік шотына аударылады.

9.11. Форумға қатысып, белгіленген талаптарды орындаған азаматтарға қатысушы сертификаты табысталуы мүмкін.

10. БАҒАЛАУ КОМИССИЯСЫ

10.1. Баяндамаларды бағалау үшін ұйымдастырушы арнайы қазылар алқасын құрады.

10.2. Комиссия құрамына ғалымдар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, ғылыми-білім беру ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және тиісті салалардың сарапшылары енгізілуі мүмкін.

10.3. Комиссия мүшелерінің саны тақ саннан тұрады.

10.4. Комиссия барлық қатысушыларға олардың жасына, лауазымына, ғылыми атағына, жұмыс немесе оқу орнына қарамастан бірыңғай бағалау талаптарын қолданады.

10.5. Комиссия мүшелерінің жұмысына үшінші тұлғалардың араласуына, қатысушыларға негізсіз артықшылық беруге немесе нәтижеге ықпал етуге жол берілмейді.

11. ФОРУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ҮНДЕУІ

11.1. Форумның қорытындысы бойынша қатысушылардың ортақ көзқарастары мен ұсыныстарын біріктіретін «Ұлт мерейі – шыншыл сөз» ғылыми-танымдық форумына қатысушылардың Үндеуі қабылданады.

11.2. Үндеуде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құруға, заң үстемдігін орнықтыруға, мемлекеттік институттарды жетілдіруге, білім мен ғылымды дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, жастарды қолдауға, цифрлық және технологиялық дамуға бағытталған стратегиялық бағдарына қолдау білдіріледі.

11.3. Үндеу Форум қатысушыларының ортақ қоғамдық ұстанымын білдіретін қорытынды құжат болып табылады.

11.4. Қабылданған Үндеу Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына, ғылыми-білім беру ұйымдарына, қоғамдық институттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына жолдануы мүмкін.

12. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

12.1. Форумды дайындау және өткізу мақсатында ұйымдастыру комитеті құрылады.

12.2. Ұйымдастыру комитеті:

– Форумды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын үйлестіреді;

– өтінімдер мен баяндамаларды қабылдайды;

– ұсынылған материалдардың осы Ережеге сәйкестігін тексереді;

– алдын ала іріктеуді ұйымдастырады;

– Форум бағдарламасын қалыптастырады;

– бағалау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

– жеңімпаздар мен ынталандыру сыйақысын алушыларды марапаттау рәсімін қамтамасыз етеді;

– Форумның ақпараттық сүйемелденуін жүзеге асырады.

12.3. Ұйымдастыру комитеті Форумның мазмұнына әсер етпейтін ұйымдастырушылық сипаттағы өзгерістер енгізуге құқылы. Мұндай өзгерістер қатысушыларға алдын ала хабарланады.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Форум академиялық адалдық, әділ бәсекелестік, пікір алуандығы, өзара құрмет және сындарлы ғылыми-қоғамдық диалог қағидаттары негізінде өткізіледі.

13.2. Форумға материал жолдау арқылы қатысушы осы Ережемен танысқанын және оның талаптарымен келісетінін растайды.

13.3. Қатысушылар өз баяндамаларының мазмұнына, келтірілген деректердің дұрыстығына, дәйексөздер мен пайдаланылған материалдардың заңдылығына дербес жауап береді.

13.4. Осы Ережеде көзделмеген ұйымдастырушылық мәселелерді ұйымдастыру комитеті қолданыстағы заңнамаға және Форумның мақсат-міндеттеріне сәйкес шешеді.